

мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбектің арқасында ғана жоғары деңгейдегі дарынды да, тәрбиелі студент, болашақ маман бола аламыз.

Жалпы, Мәңгілік Ел идеясы – болашақтың кепілі, сондықтан ол ұрпақтар сабақтастығымен жалғасатыны мәлім. Ұлы Дала елінің ғаламат тарихы мен қайталанбас құндылықтары туралы салмақты ойлар айтып, ұрпаққа үлгі боларлық істер атқару – бүгінгі ұрпаққа міндет, келешек ұрпаққа – аманат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». ҚР Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // «Егемен Қазақстан» 18.01.2014 ж.
2. Сыдықов Е.Б. Елбасы және еркін елдің ертеңі // «Егемен Қазақстан», 31.01.2014 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарихтолқынында – Алматы: «Атамұра», 1999 ж.- (288). – 120 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру (Бағдарламалық мақаласы бойынша). Интернет-ресурс: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің сыртқы саясаты

Шалабаев Д.Е.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Капышев А.К.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

XVIII ғасырдың басына қарай қазақ хандығы қиын ішкі дағдарысқа түсіп, сыртқы саясатта да көрші елдермен қақтығысқа түскен болатын. Ішкі саяси дағдарыс, ұлы хан Тәукенің қартаюына байланысты орталықтандырған биліктің әлсіреуімен және сұлтандардың сепаратистік қозғалыстармен баяндалады. Осымен бірге, шығыстағы күннен күнге күшейіп бара жатқан көрші, жоңғар мемлекеті де XVII ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап маза бермеді. Қазақ елінің көші-қондарын жаулап алу мақсатында үздіксіз жасаған шабуылдар XVIII ғасырдың басына қарай алапат соғысқа әкелген болатын. Батыс шекараларда қалмақ пен башқұрттар шабуыл жасай берсе, солтүстікте қуатты көрші Ресей империясы да қазақ иеліктеріне көз тігті. Орталық биліктің әлсіреуіне байланысты қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, жеке мемлекеттік құрылымдар ретінде дара саясатты жүргізуге тырысты. XVIII ғасырдың басына қарай орта жүз қазақтарын Болат, Сәмеке, Тұрсын, Барак, Әбілмәмбет атты хан мен сұлтандар басқарса, ұлы жүзді Қайып пен жолбарыс хандар, ал кіші жүзді жаста ақылды, батыл Әбілқайыр бастады.

Ішкі талас-тартысқа қарамастан қазақтың келте хандары өзара одақ құрып, жоңғар агрессиясына қарсы тойтарыс беріп, бүкілқазақтық әскери жасақтарды құрды. Қазақ-жоңғар соғысында өзінің айлакерлігімен, ақылымен, батылдығы мен стратегиялық ойларымен ерекшеленген Әбілқайыр халықтың көзіне түсіп, қазақ халқының тариында өшпес із қалдырды.

Әбілқайыр хан – XVII ғасырдың 80/90 жылдары дүниеге келіп, 1748 жылы қайтыс болған қазақтың қолбасшысы, батыры, саяси қайраткері және кіші жүздің ханы. Ол Арал маңында көшіп жүрген Қожа сұлтанның ұлы, Жәнібек ханның ұлы Үсек сұлтанның тараған ұрпағы болып табылады. Арғы аталары ешбір қасиеттерімен ерекшеленбегендіктен және хан сайланбағандықтан төрелердің арасында тексіз әулеттерге жатқызылды. Ерте жастан бастап қалмақтардың ордасында тұтқында болып қайтқан Әбілқайыр онда қалмақтың әскери өнеріне үйреніп, башқұрттардың көтерілісіне қатысып, башқұрт батыры Алдар Есенгельдинмен достасып қазақ еліне жас, ақылды және батыл батыр ретінде оралды.

1710 жылғы Қарақұм құрылтайында кіші жүздің ханы ретінде сайланып, қазақтың жалпықазақ әскерін басқарған қолбасшы ретінде тағайындалды. 1715 жылы Тәуке ханның қайтыс болысымен, Тұрсын, Абдолла және Тәуке ханның мұрагері Қайып та қайтыс болады. Аға хан Қайыптың өлімінен соң, сайланған хандардың ішінде Әбілқайыр ең үлкені болғандықтан, ол қазақ әскерін ары қарай басқара береді. 1719 жылға қарай өзінің отбасымен Түркістанға көшіп, осы жерді паналайды.[1, 160.]

1719-1722 жылдар аралығы қазақ-жоңғар шекарасы біраз тынышталды. Оның басты себебі, жоңғар қонтайшысы Цэван-рабдан мен қытай боғдыханы Канси Моңғолия аймағы үшін соғыс жүргізді. Дегенмен де 1722 жылы қытайдың қуатты билеушісі Кансидің өлімінен соң, жаңа боғдыхан Юнчжен қонтайшыға уақытша бейбіт бітімшарт ұсынады. 1723 жылдың көктеміне қарай қонтайшы 70 мың әскерді бастап, қазақ хандығының аумағына кіріп жойқын да тұтқиыл шабуыл жасайды. Сол жылы жоңғар әскерлері Түркістан қаласын басып алып, өзінің билігін ұлы жүздің барлық аумағына таратты. Дәл осы уақытта Әбілқайыр хан 20 мың әскерді бастап, кіші жүз аумағына оралып еділ қалмақтарына бірнеше сәтті жорық жасайды. Кейін 1724 жылы еділ қалмақтарын біраз талқандап, өз әскерін Түркістанға қарай бұрды. Түркістанды қайтарып алған Әбілқайыр жартыжылдың ішінде оны ұстап тұрды. 1726 жылдың соңында – 1727 жылдың басында хан Арал маңындағы Қарақұмда өткен құрылтайда жалпықазақ әскерінің басшысы болып қайта сайланды. 1727-1730 жылдардың аралығында Әбілқайыр хан Аңырақай, Бұланты атты ірі және көптеген кішігірім шайқастарда жеңіске жетті. [2, 16-21.]

Әбілқайырдың соғыс кезіндегі жеңістері, әскер арасында оның беделінің өсуіне және қалмақтармен, башқұрттармен бейбіт қатынастарды орнатуға өз септігін тигізді. Егер хан еділ қалмақтарымен біраз уақыт соғысып жүрсе, 1724 жылы Аюки-ханның өлімінен соң екі жақ арасында бейбіт өмір орнады. Башқұрт батырлары Алдар Есенгельдин, Таймас Шаимовпен достасқан ол, олармен де бейбіт қарым-қатынас орната білді. Бұл достық бітімшарттар әулеттік некелермен бекітіліп, Әбілқайыр хан қалмақ тайшыларының бірінің Баян атты қызын әйелдікке алып, одан Шыңғыс сұлтан дүниеге келеді. Ал башқұрт әйелінен дүниеге Қаратай сұлтан дүниеге келеді. Осылайша бұрынғы жаулары бірақ уақытқа досқа айналып, ханның Ресей империясының бодандығына өтуіне ықпал етті.

Батыс және шығыс бағыттарда соғысқан Әбілқайыр орта азия хандықтарының ісіне де аралысуға да үлгерді. Ең алдымен ол Хиуа хандығының басына өзіне жақын адамдарды отыруға тырысты. Солардың қатарында Мамай, Батыр, Ельбарыс сұлтандар мен Нұралы хан болды. Дегенмен де жергілікті ақсүйектердің құрбанына айналған олар елдеріне қайта оралуға мәжбүр болды. [3, 1-15; 450,480,510,545.]

1730 жылдың көктемінде Балхаш көлінен 125 км жерде қазақ-жоңғар қосындарының арасында өткен шешу шайқастарының бірі – Аңырақай шайқасы өтті. Осы шайқаста қазақ қосындарын басқарған Әбілқайыр, жоңғар әскерін ойсырата талқандады. 1730 жылдың қысына қарай қазақ әскерлері Орталық, Оңтүстік Қазақстан аумақтарын және Жетісу жерлерін босатып алды. Дәл осы уақытта қытай боғдыханы Юнчжэн қонтайшыға қарсы соғыс жариялап, жоңғар жасақтары қазақ жерін тастап, өз елдеріне қайта оралды. Дәл осы уақытта қазақ жерінде біраз уақытқа бейбітшілік орнады.

Қазақ даласында бейбіт уақыт уақытша орнаған соң, жүздердің билеуші-хандары өз аймақтарына оралды. Бұл жердегі тарихи процесстің дамуына байланысты екі негізгі нұсқа бар. Біріншісі, 1729-1730 жылдары қайтыс болған Болат ханның өлімінен соң, жаңа ханды сайлау кезінде Орта жүз бен Кіші жүздің билеушілерін Сәмеке мен Әбілқайырды елемей, хандар әулетінен шыққан марқұмның ұлы Әбілмәмбетті «аға хан» ретінде сайлау болды. Осы нұсқаға сүйенетін болсақ, хандар өз реніштерін білдіріп өз ордаларына оралды. Екінші нұсқаға сәйкес, хандар солтүстік шекараға тыныштық бермей отырған башқұрттарға қарсы жасақтармен аттанды.

Дегенменде, 1730 жылғы Аңырақай шайқасынан кейін хандар өз ордаларына оарлып сол кезден бастап әрбір тұлға жеке саясатты жүргізуге кірісті. Осы уақытта тарих сахнасына Абылай хан шығады. Жас Әбілмансұр Аңырақай шайқасы кезіндегі жекпе-жекпен кейін

таңылып, Абылай атанды. Енді жоңғарларға қарсы шайқастарды ол жүргізіп, орта жүз бен ұлы жүздің көші-қондарында бекінеді. Әбілқайыр хан осы аймақта бекіну мақсатында және жас, әрі болашағы бар Абылай сұлтанға өзінің қызы Қарашаш ханымды әйелдікке беріп, әулеттік неке отырады. Осылайша ол жас төремен өзінің байланысын бекітеді. Жас сұлтанның дала аймағындағы позициясын да бұл неке бекітетінің білген ол, тиімді некелік келісімшартқа отырады.

1730 жылы өз әскерін кері бұрған Әбілқайыр хан өз назарын ресейге аударды. Осы уақытта хан башқұрт тархандары Алдар Есенгельдин, Таймас Шаимовтың арандатушылығымен Ресей империясымен жақындасу саясатына дамытуға кіріседі.[4, 49-50.]

Осы кезде ханның маңында белгілі бір элиталық топ қалыптасады, олардың қатарына: жұбайы Бопай ханым, серіктестері Тама Есет батыр, Табын Бөгенбай батыр, Шақшақ Жәнібек батыр және т.б. кіреді. Беделді батырлардың сеніміне ие болған ол, Кіші жүзді жеке мемлекет дәрежесіне көтеру мақсатында, Әбілқайыр хан жеке саясатты жүргізуге кірісті.

Қазіргі уақытта отандық және шетелдік ғалымдар Әбілқайыр ханның Ресеймен жүргізген саясатына толық баға бере алмай, ханның нағыз мүддесін түсіндіре алмайды.

Осылайша, тарих ғылымында бірнеше негізгі теориялық қалыптасты. Бірінші теорияға сәйкес, хан өзінің билігін қазақ даласына толық орнату мақсатында Ресей патшасына сүйеніп Ұлы хан атанып, билікті өз әулетіне қалдырғысы келді. Екінші теорияға сәйкес, хан қазақ жерін жоңғарлардан сақтау мақсатында Ресей империясына қайта сүйенгісі келді.

Дегенмен, 1730 жылға дейін жоңғар агрессиясы азайып, қазақ жасақтары тойтарыс беруге қауқарлы болды. Әбілқайыр ханның ұлы хан атануына біраз топ қарсы болды: олардың қатарында ұлы жүздегі қуатты да, ақылда саясаткер, би Төле би Әлібекұлы, үлкен хан әулетінен шыққан Сәмеке және Әбілмәмбетте қарсы болды.

Осылайша, мақала авторы Әбілқайыр ханның өзіндік билікті нығайтып және билікті өз әулетінің уысында қалдырғысы келді, деп пайымдайды. Осы үшін Ресей империясына бірнеше елшілік жіберілді.

1730 жылдың маусым айында ханның Ырғыз өзені бойындағы жазғы ордасында хан Әбілқайыр мен Алдар тарханмен кездесіп, ресей бодандығына өту туралы мәселе қозғалды. Башқұрт тарханы Алдардың бұл іске араласуының басты мақсаты, Ресей шенеуліктерінің сеніміне ие болу арқылы өз жұртын аман сақтау болған еді. 21 қазан 1730 жылы елшілікті бастаған Сейітқұл Қойдағұлов пен Құтлымбет Қоштаев Петербургте сыртқы істер коллегиясымен кездесуде Әбілқайыр ханның өзіне қарасты Кіші жүзбен Ресей бодандығына өту туралы хатын беріп жіберді. 1730 жылдың қыркүйек айы мен 1731 жылдың сәуір айының аралығында Петербургтегі елшілік кезінде жоңғар агрессиясы бірде бір рет аталмады.

Осылайша ресей патшайымы Анна Иоанновна 19 ақпан 1731 жылы қазақтарды ресей бодандығына алу туралы екі грамотаға қол қойып, татар мырзасы Құтлы-Мұхаммед Тевкелев арқылы Әбілқайыр ханға беріп жіберді. Құтлы-Мұхаммед Тевкелевті жай ғана хабаршы және тілмаш қызметінде емес, Кіші жүз қазақтарын бодандыққа иландыруға күш салсын деп жіберді. [5]

XVIII ғасырдың дара тұлғаларының бірі болған, Әбілқайыр хан өзінің сыртқы саясатында көршілермен достық қарым-қатынасты орнату арқылы өзінің жеке билігін сақтауға негізгі бағыт алды. Осы жағдайда хан қалмақтар мен және башқұрттармен соғыс әрекеттеін тоқтатып, бейбітшілікті орнатты. Ал осы бейбіт келісімді әулеттік некемен бекітті. Жоңғарлармен аяусыз соғыс жүргізген ол, мықты қолбасшы әрі стратег, көптеген жеңістерге жете отырып, халық арасында үлкен беделге ие болып, өзіне бағынышты кіші жүз қазақтарын дара елге айналдыру саясатын ұстанды. Кіші жүздегі өзінің билігін нығайту үшін Ресеймен жақындасу саясатын ұстанды. Ресейге назарын аударған ол, көшпелілердің сөзе берік еместігін түскен ол, өзінің билігін және өзінің әулетін қуатты көршілердің

көмегімен бекітуге тырысты. Осылайша, XVIII ғасырдың I жартысында өзінің қарама-қайшы әрекеттерімен халықтың есінде қалған Әбілқайыр хан бір жағынан өзінің жеке дара билігін нығайтса, екінші жағынан қазақ халқының отырықшы шаруашылыққа көшуінің және зайырлы еуропалық өзгерістердің өз бойына сіңіруіне себепкер болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ерофеева И. В. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. Алматы, 2007. Дайк-Пресс . С. 451.
2. Қабылдинова З.Е., Қайыпбаева А.Т. Қазақстан тарихы. 8 сыныпқа арналған оқулық. Алматы, 2016 ж. Атамұра. 319 бет.
3. АВПРИ. Ф. 122/1. 1748 г. Д.4. Л. 1-15.; КРО-1. С. 450,480,510,545 и др.
4. АВПРИ. Ф. 122/1. 1730-1731. Д.1 Л. 49-50
5. Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 гг.) / Составление и комментарии И.В.Ерофеевой. 3-том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2005.- 484 с